

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 309 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.27. N 851 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.27. N 851 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы Заңы 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 6 с ә у і р д е г і

N 3 0 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережесі

1. Осы Ереже "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы Заңы 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды (бұдан әрі - мемлекеті бақылау) ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік бақылау жүргізудің мақсаты еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

1. Жалпы ережелер

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбек қауіпсіздігі - еңбек қызметі процесінде қызметкерлерге зиянды және қауіпті әсерді болдырмайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қызметкердің қорғалу жай-күйі;

2) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мониторингі - өндірістегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайын бақылау жүйесі, сондай-ақ республикадағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін бағалау және болжау;

3) еңбекті қорғау - құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-профилактикалық оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын еңбек қызметі процесінде қызметкердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі;

4) жұмыс орны - еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындау барысында қызметкердің тұрақты немесе уақытша болатын орны;

5) еңбек қауіпсіздігі және еңбекте қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) - еңбек қауіпсіздігі және еңбекте қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы өкілеттіктерді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері;

6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы өкілеттіктерді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты берілген өкілеттіктер шегінде іске асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы.

2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және оны жүргізудің тәртібі

4. "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау туралы өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - бақылаушы органдар) жүзеге асырады.

Өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыстардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ететін өндіріс құралдарының және нормативтік технологиялық құжаттаманың жай-күйін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік бақылау бақылаушы органдардың жұмыс берушінің немесе қызметкердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманы орындауына тексеру (бұдан әрі - тексеру) жүргізуі жолымен жүзеге асырылады.

6. Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жоспарлы - алдыңғы тексерулерге қатысты заңнамада белгіленген уақыт интервалдарын ескеріп жүргізілетін алдын-ала жоспарланған тексеру;

2) жоспардан тыс - қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қауіпті дереу жоюды талап ететін, сондай-ақ азаматтардың және заңды тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік органдардың шағымдарына, арыздарына және өтініштеріне дереу әрекет етуді талап ететін қалыптасқан ахуалға байланысты тексеру.

Нысаны бойынша тексеру Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы мәселелері бойынша бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп кешенді түрде жүргізілуі мүмкін.

7. Тексерудің ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, он күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

8. Тексеруді жүргізу мерзімін есептеу жұмыс берушіге құжаттарды ұсыну туралы талаптың берілу және олардың бақылаушы органның лауазымды тұлғасына (бұдан әрі - лауазымды тұлға) нақты ұсынылу сәттері аралығындағы уақыт кезеңіне тоқтатыла тұрады.

9. Лауазымды тұлға тексеруді бастау алдында жұмыс берушіге мынадай қ ұ ж а т т а р д ы :

1) қызметтік куәлігін;

2) қажет болғанда, құзыретті органның режимді объектілерге баруға рұқсатын ұсынуы тиіс.

10. Тексеру актісі екі данада жасалады және тексеруді жүргізген лауазымды тұлға мен жұмыс беруші қол қояды. Бір данасы жұмыс берушіге табыс етіледі.

11. Жүргізілген тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпарат жұмыс берушінің тексеру актілерін есепке алу кітабына енгізіледі.

12. Лауазымды тұлғаның өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеру кезінде кәсіпорынға немесе ұйымға баруы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы тексерулерге жатпайды.

13. Анықталған Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарға қарай, мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша құқықтық ықпал ету шараларын қабылдау мақсатында мемлекеттік еңбек инспекторлары мынадай актілер шығарады:

1) ұ й ғ а р ы м :

Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуын жою туралы;
еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттауды жүргізу
т у р а л ы ;

өндірістік объектілер мен жабдықтарда, сондай-ақ өндірістік процестерде
жарақаттану қаупін және авариялық жағдайлардың туындауын болдырмау үшін
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі профилактикалық жұмыстар
ж ү р г і з у т у р а л ы ;

жекелеген өндірістерді, цехтарды, учаскелерді, жұмыс орындарын,
жабдықтарды және тұтастай ұйымды қызметкердің өмірі мен денсаулығына
көтер төнген жағдайларда соттың шешімінсіз үш күннен аспайтын мерзімге,
көрсетілген мерзімде міндетті түрде сотқа талап-арыз өтінішін бере отырып,
пайдалануға тыйым салу және тоқтата тұру туралы. Бұл ретте қызметке тыйым
салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт анықталған бұзушылықтар жойылғанға
дейін немесе соттың шешімі шыққанға дейін қолданылады;

2) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы
заңнамасын бұзған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы.

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мониторингті жүзеге асыру

14. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын кешенді бағалау, өндірістік
жарақаттанушылықты азайту және өндірістегі жазатайым оқиғалардың
алдын-алу мақсатында уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері еңбек
қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі мониторингті ұйымдастырады.

15. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мониторинг жекелеген
ұйымдар бойынша және экономика салалары бойынша жұмыс берушілерден
және олардың қауіпсіздік пен еңбекті қорғау қызметтерінен тікелей алынған
еңбек қауіпсіздігі, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы
ресми ақпарат пен деректердің, сондай-ақ бақылаушы органдардың тексеру
актілері (құжаттары) негізінде жүзеге асырылады.

16. Қажетті ақпарат пен мәліметтерді жинау мақсатында лауазымды тұлғалар
өз құзыреттері шегінде ұйымдағы еңбек қауіпсіздігінің, шарттарының және оны
қорғаудың жай-күйін, сондай-ақ өндірістегі жазатайым оқиғалардың және кәсіби
аурулардың есепке алынуын сипаттайтын құжаттарды сұратады.